



24.10.2025 ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: «Балажан» бөбекжай-балабақшасы

Топтар: «Звездочки» ересек тобы

«Лучики» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы, 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 28.10 – 31.10. 2025 жыл (5-апта)

Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы

Апта дәйексөзі: «Отаным - алтын бесігім!»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 27.10	Сейсенбі 28.10	Сәрсенбі 29.10	Бейсенбі 30.10	Жұма 31.10
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Менің Қазақстаным»				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» ҚР Гимн орындау (дүйсенбі күні)				
	Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қазақ тілі педагогі тәрбиеленушілерге қазақ тілі кабинетінде өзін қалай ұстау керектігін еске салады: кабинетте жүгіруге, секіруге, шулауға болмайды; басқа балалардың саусақтары қысылып қалмас үшін орындықтарда тербелуге болмайды; басқа балалар шалынып қалмас үшін аяқты алға созуға болмайды.				
	«Күй күмбірі» күй тыңдау Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында күй қою: «Жезкиік» күйі https://zvyki.com/song/154328185/Sazgen_sazy_-_ZHezki_k/				
	«Өнегелі 15 минут» «Мақтау сөздер айту» Балалар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып,				

	мақтайды.				
Сөздік минимум	Ту, елтаңба. Менің Отаным – Қазақстан Елорда, бәйтерек, Есіл өзені		Күз мезгілі, жемістер, көгөністер		
Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	<p><u>Ересек топ</u></p> <p>Тақырыбы: «Қазақстаным»</p> <p>Міндеттері: қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету: ә, ө, қ, ү, ұ; қарапайым сұрақтарға (қандай?) жауап беруді үйрету.</p> <p>«Амандасайық!» жаттығуы Аудиожазбаны тындау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны қосылады. - Балалар, біз нені орындадық? - Иә. Біз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын тындадық. - Әнұранды не үшін орындаймыз? Гимн – Отанымыздың салтанатты әні. Гимнді әр адам жатқа білу керек Бейнеролик көрсету.</p>		<p><u>Мектепалды тобы</u></p> <p>Тақырыбы: «Кел, қайталайық!»</p> <p>Міндеттері: Балалардың қазақ тілінде «күз», «жемістер», «көкөністер» тақырыбы бойынша білімдерін бекіту; тақырыптық сөздік қорды кеңейту, дұрыс айту мен есте сақтау қабілеттерін дамыту; қазақ тіліне қызығушылығын арттыру, табиғатты сүюге тәрбиелеу.</p> <p>Ұйымдастыру кезеңі Мұғалім: – Балалар, амандасайық! – Сәлеметсіңдер ме, балалар! – Сәлеметсіз бе, мұғалім! – Бүгін көңіл-күйлерің қандай? (Балалар смайликтермен көңіл-күйін көрсетеді.) – Жарайсыңдар! – Қазір жылдың қай мезгілі? – Күз. – Күзде ауа райы қандай болады? – Суық, жаңбырлы, желді. – Ағаштардың жапырағы қандай болады?</p>		

	<p>Педагог Қазақстанның негізгі нышандары көрсетілген Қазақстан туралы бейнероликті көрсетеді.</p> <p>Қазақстанның мемлекеттік рәміздері</p> <p>Балалар, біздің Отанымыздың басты белгілері қандай? Кім біледі? Иә, дұрыс айтасындар, балалар, Ту мен Елтаңба еліміздің басты белгілері.</p> <p>-Қазақстанның Туының түсі қандай? (Көгілдір түсті).</p> <p>-Туымызда не бейнеленген? (Күн, қыран, ою-өрнек.)</p> <p>- Балалар, Қазақстанның Туы жайлы кім әңгімелеп бере алады?</p> <p>- Көгілдір түс ненің түсіне ұқсайды? (Аспан түстес.)</p> <p>Жарайсындар!</p> <p>Біздің ата-бабаларымыз Қазақстанның аспаны үнемі ашық болғанын қалады.</p> <p>- Туымызда күн не үшін бейнеленген? Балалар, қалай ойлайсындар? (Аспанымызда күніміз жарқын болуы үшін.)</p> <p>Жарайсындар! Біздің ата-бабаларымыз күніміз аспанымызда шуақ шашып тұрғанын, жарқын болғанын аңсады.</p> <p>- Ою-өрнектер не үшін бейнеленген деп ойлайсындар? Иә, бұл қазақ</p>		<p>– Сары, қызыл, қоңыр. – Күзде не піседі? – Жемістер мен көкөністер!</p> <p>Жемістер: алма, алмұрт, жүзім, өрік, шие. Көкөністер: сәбіз, картоп, қызанақ, қияр, пияз.</p> <p>Ойын: «Себетке сал!»</p> <p>– Мен жеміс айтам, сендер оны «жеміс» себетіне саласындар. – Мен көкөніс айтам, сендер «көкөніс» себетіне саласындар.</p> <p>Мысалы: – Алма → Жеміс – Сәбіз → Көкөніс – Қияр → Көкөніс – Жүзім → Жеміс</p> <p>Сергіту сәті</p> <p>Әнмен қимылдау: «Алма тереміз» әніне билеу. Қимыл: қолмен ағаштан алма теріп, себетке салу.</p> <p>Дидактикалық ойын «Дәмін тап!»</p> <p>Мұғалім көзін жұмған балаға жеміс не көкөніс береді. Бала қолымен сипап, пішініне қарай қазақша атын айтады.</p> <p>Мысалы: – Бұл не? – Бұл алма. – Бұл тәтті ме?</p>		
--	--	--	---	--	--

	<p>халқының ұлттық ою-өрнектері, салт-дәстүрінің айнасы. Ою-өрнектер қазақ халқының киімінде, күнделікті тұрмыста қолданатын ыдыс-аяғында, әшекей бұйымдарында болған.</p> <p>- Біздің Елтаңбамызды кім таныды?</p> <p>- Біздің Елтаңбамызда не бейнеленген? (Шаңырақ, қанатты тұлпар (жылқы)).</p> <p>- Балалар, Туымыздағы қыран, Елтаңбамыздағы қанатты тұлпарлар не үшін бейнеленген деп ойлайсындар? Дұрыс айтасындар, балалар, еліміз бен жерімізді қорғау үшін. Осы сөздерді есімізге сақтап алайық.</p> <p>Қорытынды</p> <p>- Балалар, бүгін не туралы сөйлестік? (Отан туралы.)</p> <p>- Біздің Отанымыз қалай аталады? (Отанымыз Қазақстан деп аталады.)</p> <p>Жарайсындар! Қазақстанның қандай рәміздері бар? (Қазақстанның Әнұраны, Елтаңбасы және Туы бар.)</p> <p><u>Мектепалды тобы</u></p> <p>Тақырыбы: «Астана – бас қала»</p> <p>Міндеттері: Балаларды Астана туралы әңгімелеуге үйрету, жаңа</p>		<p>– Иә, тәтті.</p> <p>Сөздікпен жұмыс</p> <p>алма - яблоко сәбіз - морковь картоп - картошка жүзім - виноград пияз - лук алмұрт - груша</p> <p>Ойын: «Артығын тап» Мұғалім сөздерді айтады, балалар артық сөзді табады. Мысалы: 1. Алма, алмұрт, жүзім, сәбіз (артық – көкөніс) 2. Қияр, картоп, пияз, өрік (артық – жеміс)</p> <p>Қорытынды</p> <p>Мұғалім: – Күзде не піседі? – Жемістер мен көкөністерді атаңдар. Балалар: – Алма, алмұрт, жүзім, сәбіз, картоп... Мұғалім: – Өте жақсы! Сендер бәрін жақсы білесіндер!</p>		
--	--	--	---	--	--

сөздерді меңгерту;
сөздік қорын байыту, дұрыс
сөйлеу дағдыларын дамыту;
Отанға деген сүйіспеншілікке,
туған жерін құрметтеуге
тәрбиелеу.

Ұйымдастыру кезеңі

Мұғалім:

– Балалар, шеңберге тұрайық,
бір-бірімізге жақсы тілектер
айтайық.

Балалар:

– Қайырлы таң, достар!
– Қайырлы таң, күніміз!

Мұғалім:

– Балалар, бүгінгі
тақырыбымыз – «Астана – бас
қала».

Сөздік жұмыс:

Астана – столица

Қала – город

Бәйтерек – монумент

Әдемі – красивый

Үлкен – большой

Балалар суреттермен жұмыс
істейді, мұғалім суретті
көрсетіп, сөзді айтып, балалар
қайталайды.

Сөйлем құрау:

Бұл – Астана.

Астана – әдемі қала.

Бәйтерек Астанада.

Астанада үйлер көп.

Балалар сөйлемдерді қайталап,
суретпен сәйкестендіреді.

Сергіту сәті

Астана, Астана,
Көрікті, әсем қала.
Күн нұрында балқыған,
Біздің сүйікті қала!
Ойын: «Тап та ата!»
Мұғалім суретті көрсетеді,
балалар атайды:
– Бұл не?
– Бұл Бәйтерек.
– Қай қалада?
– Астанада!
Осы бас қаламызда үлкен,
кіші ғимараттар көп сол
ғимараттарға тоқталып өтейік.

Ақорда – Қазақстан
Республикасы Президентінің
резиденциясы
**Бейбітшілік пен келісім
сарайы.** Қазақ жеріндегі
достық, бірлік және
бейбітшіліктің символы болып
табылады.

Ханшатыр. Қазақстанның
астанасы – Астана
қаласындағы ірі ойын–сауық
және сауда кешені.
Сонымен қатар Астанада ең
көрікті монументтер
(ескерткіш) бар.

«Мәңгілік Ел» салтанатты
қақпасы.
Астана Есіл өзені бойында
орналасқан.
«Астана – Бәйтерек» кешені
– Астананың символы.
Бәйтерек кешенінің жоғарғы

	<p>қабатына шығып қарасаң, Астананың керемет көркін тамашалайсың. (қысқаша түсіндіру)</p> <p>Онда балалар қазір сендермен осы бәйтерек кешенін өз қолымызбен құрастырып көрейік (топпен жұмыс).</p> <p>Құрастырылған бәйтерек кешеніне қысқаша тоқталып өту.</p> <p>Шығармашылық жұмыс Балалар түрлі-түсті қағаздан «Бәйтерек» мұнарасын немесе Астана қаласының суретін құрастырады (жапсыру, сурет салу әдісімен).</p> <p>Қорытынды – Бүгін не туралы білдік? – Қай қала – бас қала? – Астана қандай қала? Балалар: – Астана – бас қала. – Әдемі, үлкен қала. Мұғалім: – Жарайсыңдар, балалар! Сендер бүгін жақсы жауап бердіңдер. – Астана – біздің мақтанышымыз!</p> <p>Бағалау: Балалардың белсенділігі, дұрыс айтуы, жаңа сөздерді қолдануы ескеріледі. Жұлдызша немесе күлімдеген смайликпен марапатталады</p>				
<p>Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум,</p>	<p>Ересек топ Қазақстанның мемлекеттік рәміздері</p>		<p>Мектепалды топ Ойын: «Тап та ата!» Мұғалім суретті көрсетеді,</p>		

<p>диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)</p>	<p>Балалар, біздің Отанымыздың <u>мектепалды топ</u> Ойын: «Артығын тап» Мұғалім сөздерді айтады, балалар артық сөзді табады. Мысалы: 1. Алма, алмұрт, жүзім, сәбіз (артық – көкөніс) 2. Қияр, картоп, пияз, өрік (артық – жеміс)басты белгілері қандай?</p>		<p>балалар атайды: – Бұл не? – Бұл Бәйтерек. – Қай қалада? – Астанада!</p>		
<p style="text-align: center;">«Айгөлек» ойыны Балалар шеңбер жасап тұрады, Сөздерін айтып, қимылмен көрсетеді. «Айгөлек-ау, айгөлек, айдың жүзі дөңгелек, Айдай толған кезінде би билейді дөңгелеп». Сөзі біткен кезде қимылсыз қатып қалу керек. Кім қозғалып қойса, ойыннан шығады. Соңында қалғандар жеңімпаз атанады. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау</p>					